

**"N 406 ГА Авиажөндеу зауыты" ААҚ акцияларының мемлекеттік пакетін
жекешелендіру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 қыркүйек N 1194.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.06.19. N 676 қаулысымен ~P020676

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 шілдедегі N 1095
P001095_ қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасында мемлекеттік
мүлікті басқару және жекешелендіру тұжырымдамасын іске асыру әрі
авиажөндеу өнеркәсібіне қосымша инвестиция тарту мақсатында Қазақстан
Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен негізгі тендерлік
шарт инвестиция тарту деп көздей отырып, тендер өткізу жолымен "N 406 ГА
Авиажөндеу зауыты" ашық акционерлік қоғамының (Ақтөбе қаласы) акциялары
мемлекеттік пакетінің 60%-ын жекешелендіруді жүзеге асырсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.